

Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы өкімімен мақұлданған Қазақстан Республикасының тіл саясаты тұжырымдамасына, Ел Президентінің Қазақстан халқына "Қазақстан - 2030" Жолдауына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасына сәйкес әзірленген.

Бағдарламаны әзірлеудің көкейкестілігі қоғамдағы тіл проблемаларын шешу жөнінде кезек күттірмейтін шаралар қолдану процесіне мемлекеттік қолдаудың қажеттілігімен айқындалады. Соңғы кезде республикада осы салада әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге байланысты біршама мақсатты жұмыстар атқарылуда. Тілдерді дамыту жөніндегі қызмет саласының ауқымы өте кең, өйткені кез-келген қоғамда тіл өз ықпалын тигізбейтін сала жоқ. Тіл проблемаларын оңтайлы шешу ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халықтардың топтасуы мен қоғамдық келісімді нығайтудың факторы болып табылады. Тілдерді дамыту - Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясаттың аса өзекті бағыттарының бірі. Осы Бағдарламаны әзірлеу мен қабылдау аталмыш факторға негізделеді.

Бағдарламаның мақсаты - Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл мен басқа да тілдердің дамуы үшін қолайлы жағдай туғызу. Осы мақсатта, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының мемлекеттік тілдің басымдығы ескерілетін 23-бабына сәйкес Бағдарлама қазіргі тіл саясатын іске асырудың алғашқы кезеңінде мынадай негізгі төрт бағыт бойынша нақты іс-шараларды жүзеге асыруды көздейді:

ел азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті қаржылық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайлар жасау; мемлекеттік тілді барынша дамыту, оның қоғам өмірінің барлық салаларында, әсіресе ғылым, білім, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары, мемлекеттік басқару, сот ісін жүргізу, халықаралық қатынастар салаларында белсенді қызмет етуіне қажетті алғышарттар қалыптастыру;

ресми іс жүргізуді мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшірудің нақты негізін жасау;

ел азаматтарының ана тілін қолдануына, олардың қарым-қатынас, тәрбие беру, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауы үшін қолайлы жағдайларды сақтау мен дамыту.

Бағдарламаны іске асыру мерзімі 1998-2000 жылдар кезеңіне есептелген.

Оның қысқа мерзімділігі республикадағы тілдерді дамыту жөніндегі жұмыс тәжірибесі мен әлеуметтік-экономикалық ахуалды ескере отырып айқындалды. Болжалды кезеңде ұйымдастыру жұмыстарының тиімділігін, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік және кадрлық базаны қалыптастыруды қамтамасыз ететін кезек күттірмейтін іс-шараларды орындау

және тілдерді дамыту жөніндегі қысқа мерзімді жоспарларды жүзеге асыру белгіленген. Бағдарлама "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың бастапқы кезеңінің негізгі міндеттерін орындауға бағытталған.

Аймақтық және салалық бағдарламаларды Бағдарлама мен нақты тілдік ахуалдарға жүргізілген социолінгвистикалық талдаулар негізінде орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдар әзірлейді.

Бағдарламаға сәйкес осы уақытқа дейін қабылданған аймақтық және салалық бағдарламаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуге тиіс.

Бағдарламаның құрылымы мен мақсатқа қол жеткізудің ұсынылып отырған тетіктері

Бағдарлама кіріспеден және:
Нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру
Ғылыми-лингвистикалық қамтамасыз ету
Тіл - бұқаралық ақпарат құралдары, ғылым, мәдениет және білім беру салаларында

Мемлекеттік тілде іс жүргізу
Терминологиялық және ономастикалық жұмыстар деп аталатын бес тараудан тұрады.

Бағдарлама орталық және жергілікті атқарушы органдардан алынған ұсыныстар негізінде жасалған. Оларды атқару мерзімі мен орындалуы үшін жауапты мемлекеттік органдар мен мекемелер айқындалған.

Бағдарламада белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай тоғыз негізгі міндетті шешу ұсынылады:

- тіл саласында нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру;
- "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалуын қажетті ғылыми-әдістемелік, материалдық-техникалық және кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету;

- тілдердің, ең алдымен мемлекеттік тілдің еліміздің қоғамдық өмірінде қызмет ету аясын кеңейту. Тіл білімінің өзекті мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу;

- тілді оқу орындарында оқыту мен үйрету әдістемелерінің сапасын жақсарту. Тілдің мектепке дейінгі балалар мекемелерінен бастап жоғары оқу орындарына дейінгі күллі білім беру жүйесінде оқытылуында сабақтастықты қамтамасыз ету. Тілдерді оқытудың төлтума бағдарламалары мен жаңа технологияларын әзірлеу. Оқу орындарында қажетті техникалық құралдармен жабдықталған лингафондық және компьютерлік тіл кабинеттерін ашу. Оларды оқулықтармен, оқу

материалдарымен және әдістемелік әдебиетпен жабдықтау. Қажеттігіне қарай елді мекендерде тіл үйрету кабинеттерін ашу. Тілдерді, соның ішінде шет тілдерін үйрету Қазақстанда жалпы білім беретін мектептерді компьютерлендіру бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың ажырамас бөлігі болуға тиіс;

- "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына сәйкес баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілдің қызметін жандандыру;

- "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес іс жүргізуді кезең-кезеңімен мемлекеттік тілге көшіруге қажетті жағдайлар жасау. Қазақ тілінде іс жүргізу үлгілері мен нұсқаларын (шаблондарын) әзірлеп, компьютерге енгізу;

- қазақ әліпбиін, емлесі мен терминологиясын жетілдіру жөнінде кешенді шаралар қолдану. Мемлекеттік тілді қазіргі заманғы техника тіліне (компьютер, сканер, спутниктік байланыс және т.б.) көшіру бағдарламаларын жасау;

- "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19, 20, 21-баптарына сәйкес тарихи-географиялық топонимикалық атауларды қалпына келтіру мен деректемелерді және көрнекі ақпаратты ретке келтіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

- ел азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеруі үшін ынталандыру шараларын әзірлеу.

Бағдарламаны қаржыландыру

Бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті қаражат жыл сайын республикалық бюджетте көзделеді. Аймақтық және салалық бағдарламалар жергілікті бюджеттер есебінен және бюджетте тиісті министрліктер мен ведомстволарға көзделген қаражат шегінде, сондай-ақ басқа да көздерден қаржыландырылады.

N	Жұмыстың мазмұны	Орындаушылар	Мерзімі
1	2	3	4

2. Нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру

1 |Тілдердің құқықтық қорғалуын қамтамасыз |Ақпарат және қо. |1999ж. |ету мақсатында Қазақстан Республикасының|ғамдықкелісім. |II тоқ.

- |қолданыстағы заңдарына өзгерістер мен |мині |саны
|толықтырулар енгізу жөнінде заң жобаларын| |
|әзірлеу | |§ ___|_____
-
- 2 |Тілдердің қолданылуы мен дамуына қолайлы |Ақпарат және қо|1999ж.
|жағдай туғызу мақсатында Қазақстан Респуб|ғамдық келісім.|Штоқ
|ликасының "Қазақстан Республикасындағы тіл|мині, Еңбек және|саны
|туралы" Заңының 23-бабының үшінші бөлігін |халықты әлеумет|
|іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу |тік қорғау|мині | ___|_____
-
- 3 |Тілдердің қолданылуы мен дамуының |Ақпарат және қо|2000ж.
|2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік |ғамдық келісім.|IV тоқ
|бағдарламасын әзірлеу |мині |саны ___|_____
-

3. Ғылыми-лингвистикалық қамтамасыз ету

-
- 4 |Қазақ тілінде өзекті ғылыми-зерттеу жұмыс|Ғылым|мині-Ғылым|1998ж
|тарын жүргізуге жағдай жасау. Ғылыми-зерт|академиясы |§|бас.
|теу институттарын кезең-кезеңімен мемле. | |тап
|кеттік тілге көшіру іс-шараларын әзірлеу | |
-
- 5 |Мынадай монографиялар әзірлеп, бастырып |Ғылым|мині-Ғылым|1998-
|шығару: |академиясы |1999ж
| Қазақ тілінің академиялық грамматикасы |Ақпарат және|қо|
| | |ғамдық келісім|
| | |м и н і , |
| Қазақ әдеби тілінің тарихы |Бұл да сол |1998ж.
| Тіл мәдениетінің негіздері |Бұл да сол |1999ж
| | |
| "Қазақтар ана тілі әлемінде" |Бұл да сол |1998ж
| этнолингвистикалық сөздігі | | ___|_____
-
- 6 |Мыналарды даярлап, басып шығару: | |
| Орысша-қазақша сөздік (150 бас.т.) |Бұл да сол |1999ж
| Қазақ тілінің орфографиялық |Бұл да сол |1998ж
|сөздігі (40,0 бас.т.) | |
| Қазақ тілінің орфоэпиялық |Бұл да сол |-//-

- 12 | Көлік пен байланыс, сауда, денсаулық сақ. | Көліккоммині, | -/-
| тау, тұрмыстық қызмет көрсету, анықтама- | Энергетика, ин|
| ақпараттық қызмет көрсету салаларында мем. | дустрия және |
| лекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету | саудамині, Білім,
| | мәдениет және |
| | денсаулық сақ. |
| | таумині | _____
-
- 13 | Тілдерді дамытудың өзекті мәселелері | Ақпарат және қо | -/-
| жөнінде республикалық, аймақтық, салалық | ғамдық келісім |
| кеңестер, конференциялар, коллоквиумдар | мині |
| және басқа да іс-шаралар өткізу | |
-
- 14 | Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ ті. | Ақпарат және қо | 1999ж
| ліндегі суретті кітапшалармен және буклет. | ғамдық келісім | I тоқ
| термен қамтамасыз ету жөніндегі арнайы | мині, Білім, мә | саны
| бағдарламалар әзірлеу | дениет және |
| | денсаулық сақ. |
| | таумині | _____
-
- 15 | Жоғары және арнаулы орта оқу орындарының | Бұл да сол | 1999-
| қазақ бөлімдеріне арналған оқулықтар мен | | 2000ж
| оқу құралдарын басып шығаруды ұйымдастыру | | _____
-
- 16 | Қазақ тілін жеделдетіп оқыту жөніндегі | Бұл да сол | 1998-
| оқулықтарды, аудиобейне, компьютерлік бағ. | | 2000ж
| дарламаларды конкурстық негізде әзірлеп, | |
| т а р а т у | | _____
-
- 17 | Басқа тілдерде (неміс, поляк, өзбек, ұйғыр) | Білім, мәдениет | 1998ж
| және т.б.) оқытатын оқу орындарына арнал. | және денсаулық | III тоқ
| ған ана тілі мен әдебиетін оқытудың мемле. | сақтаумині | саны
| кеттік стандарттарын әзірлеу және бекіту | | _____
-
- 18 | Отандық мультипликациялық фильмдер серия. | Бұл да сол | 1998-
| сын шығару | | 2000ж _____
-
- 19 | Мектептерде тілдерді оқытудың компьютерлік | Білім, мәдениет | 1998ж
| бағдарламаларын жасау | және денсаулық | III тоқ

		м и н і	с а н ы
20	"Қазақ тілі мен әдебиеті", "Орыс тілі мен әдебиеті Қазақстан мектептерінде", "Отбасы және балабақша" (қазақ, орыс тілдерінде) журналдарының жүйелі шығып тұруын қамтама.	Бұл да сол	Ұдайы
	с ы з е т у		
21	Жалпы білім беретін мектептерге арналған төлтума оқулықтарды басып шығаруды жалғас.	Бұл да сол	1998- 2000ж
	т ы р у		
22	Жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы қазақ бөлімдері санын көбейту	Білім, мәдениет және денсаулық сақтау мині	-/-
23	Жоғары және орта арнаулы оқу орындарының бағдарламаларына "Мемлекеттік тілде іс жүргізу" арнайы курсы енгізу; кәсіптік-техникалық мектептерде "Іс жүргізуші", "Хатшы-референт" мамандықтары бойынша мемлекеттік тілде мамандар даярлауды ұлғайту	Білім, мәдениет және денсаулық сақтау мині	1999ж Шток
24	Жоғары және орта арнаулы оқу орындарының орыс бөлімшелерінде қазақ тілін оқытуға арналған сағаттар санын көбейту, мемлекеттік тілді зерделеуші топтар құруды қамтамасыз ету; Жетім және панасыз қалған балаларға арналған қазақ тілінде оқытатын балалар үйлері мен мектеп-интернаттар желісін ұлғайту	Бұл да сол	1998- 2000ж
25	Сарань, Жаркент, Түркістан педагогикалық колледждерінде неміс, ұйғыр, өзбек тілдерінде мамандар даярлауды жалғастыру	Бұл да сол	Ұдайы
26	Мемлекеттік тілді үйрету жөнінде теле және радиодәрістер ұйымдастыру	Ақпарат және қоғамдық келісім	-/-

		м и н і	
27	Жалпы білім беретін мектептер базасында оралмандарды қазақ әліпбиіне үйретуді ұйымдастыру	Білім, мәдениет және денсаулық сақтау	1998-2000ж
28	Орыс тілінде тәрбие беретін мектепке дейінгі балалар мекемелерінде сәбилер мен естиярлар топтарындағы қазақ тілі сабақтарының сағат санын аптасына 2 сағатқа дейін, ал мектепке даярлық топтарында аптасына 3 сағатқа дейін жеткізу; орыс тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарындағы қазақ тілі пәнінің сағат санын жалпы оқу сағаттары шегінде көбейту	Бұл да сол	1998-2000ж
29	Қазақ мектептері мен орта арнаулы және жоғары оқу орындарының қазақ бөлімдерінде дене мәдениеті мен әскери даярлық пәндерін мемлекеттік тілде оқытуға кірісу. Оларды қажетті оқу бағдарламаларымен, оқулықтармен, оқу құралдарымен, педагогтік кадрлармен қамтамасыз ету	Бұл да сол	1998-2000ж
30	Қазақстан орта арнаулы және жоғары оқу орындарында ұлт тілдері (неміс, украин, поляк, татар және т.б.) бойынша мамандар даярлауды ұлғайту	Бұл да сол	1998-2000ж
31	Ұлт тілдерінде оқытатын жексенбілік мектептерге мемлекеттік қолдау көрсету	Бұл да сол	Ұдайы
32	Қазақстан телерадиокомпанияларының "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабын орындауын қамтамасыз ету	Ақпарат және қоғамдық келісім	1998-2000ж
33	Баспасөз және басқа да бұқаралық ақпарат	Бұл да сол	1999ж

|құралдары қызметкерлеріне арналған Тіл | | I ток
|мәдениеті кодексін жасау | | саны _____

34 |Бұқаралық ақпарат құралдарында тілдік нор.|Бұл да сол |---/
|маларды сақтау және сөйлеу мәдениетін кө. | |
|теру жөніндегі консультациялық кеңес құру | |

35 |Мемлекеттік тіл бойынша қажетті білім-бі. |Ақпарат жәнеқо|1999ж
|лікті бағалау үшін сынақтан өткізудің мем.|ғамдық келісім|Шток
|лекеттік стандартын және сынақтан мүдірмей|мині, Білім, |саны
өткен адамдарға берілетін сертификаттар	мәдениет және
үлгілерін даярлау	денсаулық сақ.
	т а у м и н і

36 |Телерадио арналарында "Тіл мәдениеті", |Ақпарат жәнеқо|Ұдайы
"Дұрыс сөйлеп, жаза білейік", "Сөз сыры"	ғамдық келісім
тақырыптарына және басқа да хабарлар топ.	мині
тамаларын ұйымдастыру	

37 |Қазақ тілінде "Менің Отаным - Қазақстан" |Бұл да сол |1999ж
|бейнефильмдер сериясын орыс тіліндегі суб.| |Шток
|титрімен шығаруға кірісу | | саны

5. Мемлекеттік тілде іс жүргізу

38 |Орталық және жергілікті мемлекеттік орган.|Ақпарат жәнеқо|1998ж
|дарда іс жүргізуге мемлекеттік тілді енгі.|ғамдық келісім|IVток
|зу жөнінде бөлімдер немесе секторлар құру |мині, орталық |саны
	және жергілікті
	мемлекеттік ор
	г а н д а р

39 |Мемлекеттік ұйымдардың штат кестесіне ау. |Ақпарат және |---/
дармашылар қызметін енгізу туралы мәселені	қоғамдық келі.
қарау	сіммині, ұйым.
	дарының басшы.
§ | | л а р ы |

40 |Мемлекеттік тілде қызметтік хат-хабар, ақ. |Ақпарат және |---|
параттар алмасуды қамтамасыз етуге болатын	қоғамдық келі.	
орталық және жергілікті мемлекеттік орган.	сіммині, орта.	
дар мен ұйымдарды, сондай-ақ шетелдегі	лық және жергі	
Қазақстан елшіліктері мен өкілдіктерін ай.	лікті мемлекет	
қындау	тік органдар	---

41 |Іс қағаздарына мемлекеттік тілді қосымша |Бұл да сол |---|
шығындарсыз енгізуге мүмкіндіктері жоқ ор.	
талық және жергілікті мемлекеттік орган.	
дарда, сондай-ақ Қазақстанның шетелдегі	
елшіліктері мен өкілдіктерінде іс жүргізу.	
ге мемлекеттік тілді енгізу шараларын	
әзірлеу және енгізудің тәртібін айқындау	

42 |Барлық орталық және жергілікті мемлекеттік |Бұл да сол |1998-
|органдарда мемлекеттік тілдегі іс қағазда. | |2000ж
|рының үлгілерін (компьютерлік шаблондарын) | |
|әзірлеп, басып шығару | |

6. Терминологиялық және ономастикалық жұмыстар

43 |Республикада Қазақ терминологиясын жетіл. |Ақпарат және қо |1998ж
|діру және ономастикалық жұмыстар жүргізу |ғамдық келісім |IVтоқ
|тұжырымдамасының жобасын әзірлеу |мині, Ғылым ми |саны
| |нистрлігі-Ғылым |
| |академиясы |

44 |Қазақ терминологиясының компьютерлік қорын |Бұл да сол |---|
| ж а с а у | |

45 |Жалпы білім беретін мектептердің оқу пән. |Ақпарат және қо |---|
деріне арналған қысқаша терминологиялық	ғамдық келісім.
сөздіктер, ғылымның барлық салалары бойын.	мині, Білім, мә
ша сериялық басылымдар әзірлеу және Сөз.	дениет және ден
діктер шығару жөніндегі мамандандырылған	саулық сақтау ми

	бас редакция құру	ні, Ғылыммині -	Ғылым академиясы
46	Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанында	Ақпарат және	Ұдайы
	ғы Мемлекеттік терминология комиссиясының	ғамдық келісім	
	бюллетеньдерін тұрақты түрде шығарып тұру	мині	
	ды қамтамасыз ету		
47	Қазақстан Республикасы Әкімшілік-аумақтық	Бұл да сол	Ұдайы
	бірліктері атауларының анықтама сөздігін		
	өзірлеуді және тұрақты түрде шығарылуын		
	қамтамасыз ету		
48	Республика облыстары бойынша топонимдер	Бұл да сол	1999ж.
	сөздігін (жеке жоспар бойынша) даярлап,		
	шығаруды қамтамасыз ету		
49	Қазақстан пошта кәсіпорындарының әліпбилік	Көліккоммині	1999ж.
	анықтамалығын мемлекеттік тілде даярлап,		Шток
	б а с ы п ш ы ғ а р у		
50	Еліміздің және Қазақстан облыстарының	Ақпарат және	1998-
	әкімшілік-аумақтық карталарын мемлекеттік	ғамдық келісім	2000ж
	тілде даярлау мен шығаруды қамтамасыз ету	мині, Ауылшар	
		мині, "Қазкарто	
		графиякәсіпор	
		ны" мемлекет	
		тік қазыналық	
		кәсіпорны	
51	Жаңа ономастикалық атаулар анықтамалығын	Бұл да сол	Ұдайы
	тұрақты түрде шығару		